

**Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің түзеу мекемелерінде жазасын өтеп жатқан сотталғандармен тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2001 жылғы 11 желтоқсандағы N 147 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 29 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 1714. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 21 қазандағы N 305 (V043228) бұйрығымен.

Қылмыстық-атқару заңдарын іске асыру және Қазақстан Республикасының түзеу мекемелерінде жазасын өтеп жатқан сотталғандармен тәрбие жұмыстарын одан әрі жетілдіру мақсатында

### **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің түзеу мекемелерінде жазасын өтеп жатқан сотталғандармен тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Осы Бұйрық 2002 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

3. Осы Бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Төрағасына жүктелсін.

*Қазақстан Республикасының*

*Әділет министрі*

Қазақстан Республикасының  
Әділет Министрінің  
2001 жылғы 11 желтоқсандағы

N 147 бұйрығы

**Қазақстан Республикасы Әділет министрінің  
Қылмыстық атқару жүйесіндегі түзеу мекемелерінде  
жазасын өтеп жатқан сотталғандардың тәрбие  
жұмысын ұйымдастыру жөніндегі**

### **НҰСҚАУЛЫҚ**

#### **1 ТАРАУ. Жалпы ережелер**

1. Осы нұсқаулық Қазақстан Республикасы Әділет Министрінің қылмыстық атқару жүйесіндегі түзеу мекемелерінде /бұдан әрі - ТМ/ жазасын өтеп жатқан сотталғандардың тәрбие жұмысын реттейді.

2. Тәрбие жұмысы сотталғандармен ТМ, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен,

Өкімімен, Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің нормативтік құқықтық актілерімен және Қазақстан Республикасының Әділет Министрінің Қылмыстық атқару жүйесі Комитетінің нормативтік құқықтық актілеріне байланысты жүргізіледі.

3. Тәрбие жұмысын ұйымдастыруға колония бастығы тікелей жауапкершілікте болады. Бұл жұмысты колония бастығының сотталғандар арасындағы тәрбие және әлеуметтік-құқық жұмысы жөніндегі орынбасары мен сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу бөлімінің қызметкерлері ш ұ ғ ы л д а н а д ы .

4. Тәрбие жұмысын жүргізу методикалық кеңсеге жүктелген, сол кеңседе дұрыс қойылған тәжірибе жұмыстар мен үздік тәрбие жұмыстары қорытылып талқыланады, бұған мекеменің басқа да қызметкерлері қатынасады.

5. Колониядағы тұрақты жұмыс істейтін ұйым бұл түзеу мекемедегі комиссия , ал тәрбие колониясында оқу-тәрбие кеңесі.

## **2 ТАРАУ. Бас бостандығынан айырылған сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу**

6. Сотталғандармен тәрбие жұмысы - бұл негізделінген педагогикалық жүйесінің іс-шаралары. Осы іс-шаралар жеке бастың рухани, интеллектуалдық, дене тәрбиесінің дамуына құқық ұстанушылық мінез-құлқына және босатылған соң қоғамға бейімделуіне әсер етеді.

7. Сотталғандармен тәрбие жұмысы негізгі ұстанымдар бойынша ұйымдастырылып жүргізіледі: азаматтың негізгі құқығы мен бостандығын сақтау , гуманизм, заңдылық, жазаны атқару кезіндегі түзелу мақсатының басымдылығы , түзеу ықпалының жүйелігі, жеке басының қабілетіне сүйену, сотталғандардың әлеуметтік-пайдалы байланыстарын сақтау, мықтау және қалпына келтіру.

8. Тәрбие процессінің негізгі - бұл сотталғандарға мейірімандылықпен қарау, тәрбие жұмысының адамшылық құндылықтарына бағдарлануы, заңдылық талаптарына байланысты жүргізу.

## **3 ТАРАУ. Түзеу мекемелердегі тәрбие жұмысын жоспарлауы**

9. Тәрбие жұмысының жоспарлануы Қазақстан Республикасының Әділет Министрінің және Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі қылмыстық атқару жүйесі Комитетінің нормативті құқықтық актілерімен байланысты ж ү р г і з і л е д і .

10. Тәрбие жұмысының жоспарлауы мекеменің барлық бөлімдері мен қызметтері, діни ұйымдардың бірлесіп, сотталғандардың түзелу жағдайына қарай б а ғ ы т т а л ғ а н қ и м ы л .

11. Тәрбие жұмысының жоспарында сотталғандардың жеке-тәрбиелік жұмысы, жалпы білімділігі мен кәсіби білімділігі, қоғамдық және діни

ұйымдардың қарым-қатынастығы, мәдени-бұқаралық демалысын ұйымдастыруға негізгі бағыттар сипатталады.

12. Тәрбие жұмысының жоспарлануы жоғары тұрған мекемелерден түскен ТМ туралы қаулылармен қорытындыланған нұсқаулардан, отряд көлеміндегі жан-жақты өзгерістер сотталғандардың санының өзгерісі, мекемедегі қалыптасқан оперативтік жағдайға байланысты түзелуі тиіс.

Түзеу мекемелерінде мына жоспарлар түзеледі:

1) ТМ тоқсандық іс жоспары, сол жоспарда тәрбие жұмысы бөлек бір бөлімді қ ұ р а й д ы ;

2) бөлім жоспары /бөлімше, топ/ жарты жылға түзеледі, бұл бөлім жоспарын мекеме бастығының сотталғандармен тәрбие жұмысы бойынша орынбасары түзіп мекеме бастығы бекітеді.

Тәрбие бөлімінің, тәрбиешілердің және тәрбие бөлімнің басқа лауазымды қызметкерлерінің бір апталық және бір айлық өткізілген жоспарлары.

13. Отряд бастығының тәрбиешілердің және тәрбиелеу бөлімнің басқа лауазымды қызметкерлерінің жұмысының жоспарлары мекеме бастығының тәрбиелеу және әлеуметтік-құқық жұмысы жөніндегі орынбасары бекітеді.

14. Түзеу мекемесі бойынша тәрбиелеу жұмысының жоспарының барлық қағидаларының іске оқуымен орындалуы мекеме бастығының сотталғандар арасында тәрбие және әлеуметтік-құқық жұмысы жөніндегі орынбасарында жауаптылықта, отрядтағы түзілген жоспарының іске асырылуы мен орындалуы отряд бастығының жауаптылығында.

#### **4 ТАРАУ. Бас бостандығынан айыруға сотталғандармен тәрбие жұмысының негізгі бағыттары мен әдістері**

15. ТМ жазасын өтеп жатқан сотталғандармен тәрбие жұмысының негізгі бағыттары: өнегелік, әлеуметтік-құқықтық, еңбектік, эстетикалық, психологиялық, дене тәрбиесі. Бұл бағыттар сотталғандардың түзелу жолына қойылған шарттарына жетуінің себепкері болады.

16. Өнегелік тәрбие жұмысы сотталғандардың моральды-этикалық қалыптасқан ойын, әр сотталған адам қоғамда өз тәртібін сырттай барлаусыз ұстай білуіне, сол сияқты өнегелік тәрбие өзін қоршаған бөтен адамдардың құқығын адалдықпен шындықты сыйлай білуге бағытталады.

17. Әлеуметтік-құқықтық тәрбие, сотталғандардың мемлекет пен жеке адам аралық қатынасын, адамның негізгі міндеттері мен құқықтарын кеңінен білуі, еңбекке және тұрмысқа орналастыру жөніндегі міндеттерді, білім алуда, жанұялық қарым-қатынастарда хабардар болуы.

18. Эстетикалық тәрбиелеу өзін қоршаған ортаның қай орында екендігін түсіндіруге бағытталады.

19. Еңбектік тәрбие, сотталғандардың еңбектік қабілетін одан ары

жалғастыруға, бір мамандық алып, босаған соң сол мамандығымен жұмысқа орналасуды бағыттады.

20. Сотталғандардың дене тәрбие жұмысы, олардың әрқайсысының денсаулығының сақталуына байланысты бағытталады.

21. Психологиялық тәрбиелеу бағыты - сотталғандардың мінез-құлқын зерттеуге бағытталады.

22. Психологиялық тәрбиелеу сотталып отырған адамның мекемеде дара және топтық жаппай нысандарда ұйымдастырылады.

23. Топтық тәрбие әдістері сотталғандармен /оқулар, лекциялар, жиналыстар, көркем өнерпаздар кештері, диспуттар, қоғамдық ұйымдарда араласу және т.б/ әр түрлі топтармен тәрбие жұмысын өткізуді қамтамасыз етеді.

24. Жеке тәрбие жұмысы жүргізілгенде әр сотталушының бостандықтағы өмірге ойдағыдай бейімделу бағдары есепке алынады.

25. Сотталғандармен тәрбие жұмысында сендіру және күштеп көндіру әдістері пайдаланады:

- сендіру әдісінің бағыты: сотталғандардың түзелу қажеттілігін сезіну, ар сезімін ояту және мекеме әкімшілігінің мақсаттарымен қимылдары жазаны өтеушілердің мүдделеріне сәйкес екенін түсіндіру.

- күштеп көндіру әдісінің бағыты: тәртіп шектеуі, жаза әдісін қолдау, қосымша жеңілдіктерді шектеу.

Сотталғандарды зерделеу және онымен тәрбие жұмысы жүргізілген нәтиже бойынша қорытындылар ай сайын жеке тәрбие жұмысын жүргізу дәптеріне енгізіледі /1 қосымша/.

### **5 ТАРАУ. Тәрбие жұмысының негізгі кезеңдері**

26. Сотталғандар карантин бөліміне келген соң, оларды мінез-құлқын, білім деңгейін, денсаулығын зерттеуі және толық санитарлық тазартудан өтеді.

27. Карантин бөлімінде сотталғандармен сабақтар өткізіледі, осы өткізілген жұмыс оларға мекеменің ішкі ережелерін, белгіленген жаза өтеу тәртіптерімен және шарттармен, сотталғандардың мекеме әкімшілігінің қызметкерлерімен қарым-қатынасы түсіндіріледі.

28. Сотталғандармен карантин бөлімінде тәрбие жұмысының ықпалы, сабақтық әңгіме және мекеме қызметкерлерімен кездесу ретінде өтеді. Карантинде сотталғандарға кітап, газет, журнал, жергілікті және орталық радиохабарламаларды, теледидар көруге мүмкіншілік беріледі.

Жаңа келген сотталушылармен карантин бөлімінде ТМ әр қызметі, біріктірілген жоспар жұмысын түзеп, жұмыс жүргізіледі. /қосымша 2/

29. Карантиндегі сотталғандармен ТМ қызметкерлері түзелген жоспардағы іс-шаралардың орындалуын іске асыру мақсатында жұмыс жүргізеді, сол себепті журналда істелген жұмыс жазылады. /қосымша 3/

30. Карантин бөліміндегі сотталғандар, жазаны өтеудің тәртібін бұзушылар, мекеме әкімшілігінің қойған тәртібін өрескел бұзушылар жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қасақана бұзушылық деп танылып содан олар жазаны өтеудің қатаң жағдайындағы тәртіпке өткізіледі.

31. Аға нұсқаушы-психолог карантинге жаңадан жазаны өтеуге келген сотталғандарға жеке карта арналады. Ол карта /Жеке бастың, зерттеу схемасы. Қосымша 4/ сотталғандардың мінез-құлқын, кейбір жеке бастың ауыртпалығын.

32. Сараптама жұмысының қорытындысы бойынша аға нұсқаушы-психолог мінездеме жазып, жеке тәрбие жұмысын жүргізу дәптерлерде отряд бастықтарына, жаңадан жазасын өтеуге келген сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізудің бағыттарына ұсыныс береді.

33. Сотталғандармен карантинде тәрбие жұмысын жүргізу, жеке тәрбие дәптерін толтыру аға инспектормен аға нұсқаушы-психологқа жүктеледі.

34. Жазаны өтеуге келген сотталғандарды карантиндегі болған уақыттың қорытындысы бойынша ТМ комиссиясы отрядқа бөледі.

35. Сотталғандармен тәрбие жұмысының негізгі ұйымдық түрлері отрядта іске асырылады.

Тәрбие жұмысын жүргізу және ұйымдастыру отряд бастығына жүктеледі. Отряд алдына қойылған міндеттердің орындалуына жауапты. Отряд бастығы өзінің қызметінде қылмыстық жазаны атқару мәселелерін реттейтін қолданыстағы заңнамалар мен ведомстволық нормативтік актілерді және әдістемелік кабинеттің ұсыныстарын басшылыққа алады.

36. Отряд бастығы апталық және айлық жұмысты отрядтың ерекшелігі, сотталғанның жеке басты қабілетін, сондай-ақ түзеу мекемесінің басқа қызметтерінің ұсыныстары ескеріле отырып жасалған тоқсандық жоспардың негізінде жүзеге асырады.

37. Сотталғандарға олардың заңмен көзделген құқықтары мен міндеттерін, еңбек және демалыс шарттарын түсіндіру: жазасын өтеп жатқан адамдардың қылмыстық жаза атқаруды реттейтін заңнамалық актілер мен ТМ ішкі тәртіп ережелерін білуін қамтамасыз ету; олармен әлеуметтік құқықтық мәселелер бойынша сабақтар өткізу. /Қосымша 5/

38. Сотталушы заңмен белгіленген жаза мерзімінің бір бөлігін өтеген кезде отряд бастығы әр бір сотталғанға мінездеме жазады. Ол мінездеме жеке ісіне тіркеліп және шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға немесе бас бостандығынан айырудың өтелмеген бөлігін одан жеңіл жазамен ауыстыруға ұсыну, сондай-ақ режим түрін өзгерту мүмкіндігі туралы мәселелерді қарауға ескеріледі.

39. Отрядтағы тәрбиешілер кеңесі /ОТК/ мекеме бастығының бұйрығымен бір жыл мерзімге кемінде 5-7 адам болып құрылады. Оның құрамына отряд бастығы,

аға нұсқаушы-психолог, сондай-ақ түзеу мекемесінің басқа қызметкерлері кіреді, мекеме жанында қызмет істейтін жалпы білім беретін мектептер мен кәсіби-техникалық училищелердің оқытушылары кіреді. Отряд бастығы ОТК төрағасы болып есептеледі.

40. ОТК жұмыс жасайтын құрылым болып табылады, оның жұмысына, діни ұйымдардың, ТМ қамқорлық кеңесінің, сотталған адамдардың туыстары қатысуға қақсылы.

41. Кеңес отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ кемінде айына бір рет өткізіледі. Сотталғандарға қатысты қабылданған шешімдердің нәтижелері хаттамамен рәсімделінеді және олардың жеке тәрбие жұмыс дәптерлеріне жазылады. ОТК жиналысының шешімі, қатысушылардың көпшілігінің ашық даусымен қабылданады.

42. Кеңес өз отырысында сотталғандардың шартты түрде мерзімінен бұрын, босату мен ұстаудың басқа жағдайларына ауыстыруға ұсынады, берілетін мінездемелерді талқылауға, сондай-ақ ТМ тысқары шығуға.

43. Отряд тәрбиешілері кеңесі нұсқау беру сипатында болады. ОТК шешімдері мекеме бастығының қатысуымен жалпы мекеме қызметкерлерінің жиналысында әр тоқсанда кемінде бір рет өткізілуі шартты.

44. Отрядта сотталғандармен тәрбие жұмысымен аға нұсқаушы-психолог қатысады, оған:

1) сотталғандардың жеке басын терең зерттеу жұмысын жүргізеді;  
2) негізгі референтті топтарды бөліп шығарып, сотталушылардың өз-ара қарым-қатынасын анықтайды;

3) мекеме қызметкерлері арасындағы қарама-қайшылық себептері мен негіздерін, сотталушылар арасындағы жанжал кезеңдерін;

4) ТМ режимдік ішкі тәртібін бұзушылығы бойынша алдын-ала ұсыныс әзірлейді, оларды мекеме басшылармен және тәрбие бөлімінің қызметкерлерімен қосыла отырып;

5) сотталғандарды түзеу жұмысына алдыңғы тәжірибе енгізеді.

45. Түзеу мекеме әкімшілігі бақылауымен сотталғандардың өзін-өзі басқару әлеуметтерін дамуы үшін отрядта сотталғандардың қоғамдық ұйымы құрылады.

## **6 ТАРАУ. Түзеу мекемелеріндегі секциялардың ұйымдастырылуы**

46. ТМ секциялардың құрылымы өздерін жақсы жағынан көрсеткен сотталғандардан құрылады.

47. Сотталғандардың секциялары жұмысы азаматтық белсенділігін және сана-сезімін дұрыс, ерікті түрде қатыстырылады. Секция құрамына кіретін сотталғандардың өз жұмыстары қоғамдық бастау негізінде жасайды және негізгі жұмысынан босатылмайды, оларға қосымша жеңілдіктер мен айрықша құқықтар

б е р і л м е й д і .

48. Сотталғандардың секцияларының құрылуы мен олардың қызметін бақылау отряд басшыларына жүктеледі, ал жалпы бақылау мекеме бастығының тәрбие жұмысы бойынша орынбасарына жүктеледі.

49. ТМ әкімшілігіне сотталғандардың секциялары:

1) сотталғандар арасында оң бағыттағы пікір қалыптастыруда және олардың ортасында дұрыс моральдық-психологиялық климат қалыптастыруда;

2) ТМ ішкі тәртіпті қалыптастыру мен нығайтуға, құқық бұзушылардың алдын алуға, сотталғандарға қарсы теріс бағыттағы іс-қимылдарға;

3) сотталғандардың демалыс ұйымдастыруға, мәдени, спорттық және санитарлық-тазалық іс-шараларын өткізуге;

4) сотталғандардың өз қылықтарына дұрыс баға беру талпынысын ынталандыру мен дамытуға және өзін-өзі жетілдіру, тәрбиелеу, ұжымды және өзін-өзі сыйлау сезімін қалыптастыру.

50. Сотталғандар секциялары отырыстары кемінде айына бір рет өткізіледі және хаттамамен ресімделеді. Отырыстағы талқыланған мәселелердің сипатына қарамастан әкімшіліктен өкіл қатысады.

51. Сотталғандардың секциялары өз жұмыстарын есепке алу журналдарын жүргізеді:

1) Секция тізімі;

2) Бір ай жұмыс жоспары;

3) Жиналыс хаттамалары;

4) ТМ әкімшілігінің секциялар жұмысы туралы ескертулері.

52. Секциялар мынандай бағыттарға бөлінеді:

1) Құқықтық;

2) Демалыс және спорттық;

3) Өндірістік;

4) Санитарлық-тазалық.

53. Құқық тәртібі секциясы /ҚТС/

Мекеме әкімшілігіне ішкі тәртіпті қолдау мен нығайтуда, құқық бұзушылықтың алдын алуда көмек көрсетеді. ҚТС-нің жұмысына тікелей бақылау жасауда мекеме бастығының режимдік жұмыс жөніндегі орынбасары жүзеге асырады.

54. Демалыс және спорт секциясы /Д және СС/

ТМ әкімшілігіне сотталғандардың демалысын ұйымдастыруға, спорттық, мәдени-бұқаралық және ағарту іс-шараларын өткізуде көмек көрсетеді. Секция құрамына:

1) кітапхана жауаптысы;

2) клуб жұмысына жауапты;



55. Өндірістік секциялар әкімшілікке /ӨС/

2) Техника қауіпсіздігін сақтау рейдтерін жүргізеді;

4) сотталғандардың еңбегін пайдаланумен байланысты мәселелерді қарайды

Секция жұмысына тікелей жетекшілік ету мен бақылау жасау мекеме  
өндірісінің бастығына жүктеледі.

1) сотталғандардың арасында санитарлық-ағарту жұмысын жүргізеді;

3) отрядтардың тұрғын жайлары мен коммуналдық-тұрмыстық

4) санитарлық бюллетеньдер, қабырға газеттері мен радиотаратулар

Секция жұмысына тікелей жетекшілік етуде мекеме медициналық бөлімінің тығы жүзеге асырады.

57. Түзеу мекемелерінде отряд ұжымы кеңесі құрылады.

59. Жиналысқа қатысушылардың көпшілігі жақтап дауыс берген адамдар

60. ОҰК құрамын секциялардың төрағаларын ТМ бастығы бекітеді. Егер де бастығы сайланған құрамды немесе оның жекеленген мүшелерін бекітпеген дайда, келіспеушілік себептер ресми түрде жарияланып, жаңа сайлаулар к і з і л у і м ү м к і н .

62. Ұстаудың белгіленген режимін бұзушы немесе сенімді ақтамаған ОҰК мүшелері, оларды ұжым талқысынан салғаннан кейін, мекеме бастығының бұйрығымен секция құрамынан шығарылады.



63. Секцияларды толықтыру сотталғандардың отрядтағы тиісті секциялар мүшелерінің отырыстарында қаралатын жазбаша өтініштерінің негізінде ОҰК төрағасы жүзеге асырады. ОҰК төрағасы ерікті түрде, жазбаша өтініштердің келіп түсуісіз бір жолға немесе қысқа мерзімге тапсырмалар орындау үшін басқа да сотталғандарды тартуға құқылы.

64. ОҰК өз жұмысы туралы ТМ сотталғандардың алдында тоқсан сайын кемінде бір рет есеп береді. Есептік жиналысында ТМ бастығы орынбасарларының бірі немесе отряд бастығы қатысады.

## **8 ТАРАУ. Отрядтағы құжаттама**

65. Отряд бастығының журналында мыналар жазылады:

а/ отрядтағы сотталғандардың тізімі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің сотталғаны бойынша баптары, жазаны өтеу мерзімінің ұзақтығы, мамандығы, білімі, от басы жағдайы, демалыс берілетін уақыттар, жазаны өтеудің басқа жағдайларына ауыстыру, колония-қонысқа ауыстыру мүмкіндігі, жазаның өтеудің шарты мерзімінен бұрын босату, жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жұмсақ түрімен ауыстыру;

б/ сотталғандарды көтермелеуді есепке алу журналы;

в/ сотталғандарды жазалауды есепке алу журналы;

г/ отрядтағы сотталғандардың ісі қимылдарын талдау журналы;

д/ сотталғандарды босатуға дайындық жұмысы жүргізу журналы;

е/ профилактикалық тізімде тұратын сотталғандардың есебін жүргізу журналы ;

ж/ отрядтың негізгі іс-шараларының есеп жүргізу журналы;

и/ кінәлінің мойындап өзі келуі және нақты өтелуін есепке алу журналы;

к/ талаппен атқару қағаздарының өтем борышының есепке алу журналы;

л/ Сотталғандардың әлеуметтік-құқық сабағына қатысуын есеп журналы.

66. Отряд бастығында бар болуы тиіс:

1/ сотталғандардың төсек орындарын бекітіп беру схемасы;

2/ сотталғандардың отрядтағы тәрбие кеңесінің жиналыс хаттамалардың журналы ;

3/ отрядтағы сотталғандардың жалпы жиналысының хаттамаларының журналы ;

4/ басқа құжаттамалар жергілікті қылмысты атқару жүйелері немесе түзеу мекемелерінің өздері анықтаған үлгілері мен тізбелері.

67. Түзеу мекемесінің қолбасшыларының енгізіліп қойылған керекті құжаттаманы ОҰК жүргізеді.

## **9 ТАРАУ. Босатуға дайындау кезіндегі сотталғандармен тәрбие жұмысы**

68. Түзеу мекемелерінде жаза өтеуші адамдарды босатуға дайындық, мерзімінің аяқталуына үш айдан, ал ТК алты айдан кешіктірмей басталады.

69. Сотталғандарды босатуға дайындау жұмысы, тұрмыстық және жұмыстық аға инспекторы, отряд бастығына, психологқа жүктеледі. Мектепте сабақ өткізуге түзеу мекемесінің барлық бөлімдері мен бөлімшелерінің қызметкерлерін қ а т ы с т ы р а д ы .

70. Босатылатындармен жұмыс жүргізу үшін тұрақты істейтін мектеп ұйымдастырылады. Мектепте арнайы бағдарлама бойынша сабақтар өткізіледі, осы бағдарлама түзеу мекемесінің бастығының сотталғандармен тәрбие және әлеуметтік-құқық жұмысы бойынша орынбасарымен әзірленіп мекеме бастығы б е к і т е д і .

Бағдарламада құқықтық және ұйымдастыру сұрақтары болу қажет:

- босатылатынға жол құжат /жеке куәлік/ берілу тәртібімен таныстыру және тұрақты тұратын жерге тіркелу, өтеу және сотталудан шығару бойынша тұрмыстық, еңбектік орналастыру, әкімшілік бақылау және сотталғандардың босатылғаннан кейінгі өмірін жайғастыруға байланысты сұрақтар.

Одан басқа, бағдарламада сотталғанның босатылуға сана-сезімінің дайындығын ескеру қажет: алаңдаушылықты шешу, болашақта босатылып еңбектік, тұрмыстық орналасудың, ағайындардың, жолдастардың, көршілердің, істеген қылмыстан зардап шеккен адамдардың және олардың ағайындарымен қ а р ы м - қ а т ы н а с ы н .

Аға нұсқаушы-психолог арнайы психологиялық бағдарламамен сотталушыны өмірдегі жаңа негіздерге дайындауында:

1/ сотталушының алдында кездесетін кейбір қиыншылықтары жөнінде арнайы әңгіме жүргізеді;

2/ сотталғандардың ой-өрісін, сезімін, әдетін дұрыс тәртібін жаңа жағдайға бейімделуге жәрдем беруге;

3/ қосымша ішкі қарсылықсыз, шиеленіссіз жаңа өмірдегі әлеуметтік ортаға өтіп өмір сүруіне дайындық көрсету;

4/ сотталғанның мінез-құлқын босауға және босаған кезде өмір сүруге дайындауға бағыттады.

71. Босатылу мерзімінің аяқталуына үш айдан түзеу колониясында, ал тәрбие колониясында алты айдан кешіктірмей босатылатын адам мекеме бастығының атына арыз жазады /қосымша 6/. Арызында алдын-ала баратын мекен-жайын, жұмыс орны және жұмысқа, тұрмысын орналастыруға қандай жәрдем керек екені көрсетіледі.

72. Барлық сотталғандар, жұмысқа және тұрмысын орналастыруға көмек қажет ететіндер, арнайы журналға есепке алынады /қосымша 7/.

73. Босатылған адамға, оны жұмысқа және тұрмысын орналастыруға көмектің

қажеттілігін болмаса қажет еместігіне қарамастан, түзеу мекемесі таңдалынған мекен жайының жергілікті ішкі істер басқармасына сол адамды жұмысқа және тұрмысын орналастыруға мүмкіншілігі туралы сұраныс береді /қосымша 8/.

74. Босатылу мерзімінің аяқталуына 20 күннен кешіктірмей таңдалынған мекен-жайының жергілікті ішкі істер басқармасының атына хабарлама қағазы жіберіледі / қ о с ы м ш а 9 / .

75. Бөгде адамның күтімін қажет ететін сотталғандар тұрақты мекеніне түзеу мекемесінің қызметкері, ата-анасы және олардың орнын басатын адамдардың немесе туыстарының еріп жүруімен жіберіледі.

76. Сотталғандарды босатуға дайындау жұмыстарының нәтижелері жеке тәрбие дәптерлерінде көрсетіліп материалдар олардың жеке ісіне тіркеледі.

### **10 ТАРАУ. Діни және қоғамдық ұйымдарды сотталғандармен тәрбие жұмысына тарту**

77. Тіркелген қоғамдық және діни ұйымдарының өкілдері түзеу мекемелеріне к і р у г е б о л а д ы .

78. Діни және қоғамдық ұйымдарының өкілдері, мекеме әкімшілігінің және сотталғандардың келісімімен рухани-өнегелік жұмысын жүргізіп және мейірмандық көмек көрсете алады. Мекеме әкімшілігі қоғамдық және діни өкілдерін қоғамда қабылданған өнегелік принциптерді сотталғандарда қалыптасуына және сотталғандардың ортасында дұрыс психологиялық ахуал ұйымдастыруына бағыттайды. Тәрбие ықпалына қиын берілетін сотталушыларға н а з а р а у д а р у ғ а .

79. Мекеме әкімшілігі қоғамдық және діни ұйымдардың өкілдеріне мекемеге келген кездегі, сотталғандармен кездесу тәртіп талабын жеткізеді және олардың жеке бас қауіпсіздігінің шараларын қамтамасыз етеді.

80. Сотталғандардың ар және дін уағыздауда бостандық құқығының орындауы түзеу мекемелерінің ішкі тәртіп ережелерін бұзбауы тиіс және басқа жеке адамдардың құқығына кедергі жасамау қажет.

### **11 ТАРАУ. Түзеу мекемедегі методикалық кабинет**

81. Түзеу мекемеде методикалық кабинет сотталғандармен қоғамдық және ағартушылық жұмысының орталығы болады. Методикалық кабинетте болады:

Сотталғандармен тәрбие жұмысының теориясы мен әдісі бойынша әдебиеттер; құқтық, педагогикалық және психологиялық сұрақтары бойынша жәрдем-кітапшалар; анықтама мен кезеңдік әдебиеттер; оқулықтар; көрнекі кітапшалар; бұйрықтар; нұсқаулар; методикалық ұсыныстар; Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі қылмыстық атқару жүйесі комитетінің және облыстық қылмысты атқару жүйесі комитетінің жазаны өтеу бойынша

нұсқаулары; аудио-видеотекалар.

82. Методикалық кабинет тоқсандық жоспарымен жұмыс істейді, жоспарда кеңесші, талдаушы және үгіттеуші бағыттар көрсетіледі. Методикалық кабинеттік жұмыс жоспары түзеу мекемесі комиссиясының жиналысында талқыланып мекеме бастығының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарымен бекітіледі.

83. Методикалық кабинеттің басты маңызды жұмысының біреуі болып, түзеу мекемедегі қызметкерлердің сотталғандармен араласудағы педагогикалық деңгейінің жоғарлауына, сотталғандарға түзеу ықпалының жаңа әдіс пен нышандардың нұсқауларын іс жүзінде енгізу жолдарына.

Сол мақсатта методикалық кабинет:

1/ мекемедегі жазаның орындау жұмысының тұрақтылығын анықталуы және қортындалуы;

2/ жоғарғы органдардан түскен, жазаны орындау мақсатындағы нормативті құжаттар мен нұсқауларды оқып білуі және қажетті болғанда нұсқаулар жасау не болмаса мекемеге іс жүзінде енгізудің жоспары;

3/ мекеме қызметкерлерінің қызмет дайындық сабақтарына педагогика мен психологияның озат жетістіктерін насихаттайды.

## **12 ТАРАУ. Түзеу мекемедегі комиссия**

84. Түзеу мекемеде жоғары, ұдайы жұмыс жасайтын алқалық орган, ол түзеу мекемесінің комиссиясы. Өз жұмысында жазаны орындау жұмысы мәселелерін қарау үшін құралады.

85. Түзеу мекемесінің комиссия құрамына, ТМ орынбасарлары, бөлім және бөлімше бастықтары, жалпы білім беру мектебінің директоры және мекеменің озат қызметкерлері. Комиссия төрағасы болып мекеме бастығы болады, ал хатшы болып негізі арнайы бөлімнің бастығы болады. Комиссияның құрамын мекеме бастығы өзінің бұйрығымен бір жылға бекітеді.

Түзеу мекемесі комиссиясы құрамында жергілікті атқару органдарының өкілдері жұмыс істей алады.

86. ТМ-нің комиссиясы мынаны ұсынуға және талқылауға:

1/ ұстаудың бір жағдайынан басқа жағдайларына ауыстыруға, түрмедегі сотталғандарды ауыстыруға, жалпы режимдегілерді қатаңға және қатаңдағыларды жалпыға;

2/ жазаны өтеуден шартты-мерзімінен бұрын босату және жазасын өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жұмсақ түрімен ауыстыру;

3/ жақсы мінездемелі сотталғандарға арналған колония-қоныстарға жалпы және қатаң режимдегі колониялардан ауыстыру, түрмеден түзеу мекемесіне ауыстыру;

4/ жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қасақана бұзушылар

қоныс-колониядан, соттың үкімімен түзеу колониясының белгіленген режиміне ауыстырды, қоныс-колониядан түзеу мекемесінің жалпы және қатаң режиміне  
о д а н т ү р м е г е ;

5/ сотталушының түзеу мекемесінен тыс демалысқа шығу өтініш арызын  
қ а р а у ғ а ;

6/ жазаны орындауының ұйымдастыруының, қылмысты атқару жүйесінің комитетінің және Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің нұсқаулары  
м е н ж а р л ы қ т а р ы н ;

7/ сотталғандардың жағдайын қамтамасыз ету мазмұны;

8/ оқулық және тәрбие жұмыс-күйі, сотталғандардың режим және тәртіп мазмұны, іс-шараларды дайындауда оны жақсарту;

9/ сотталғандардың қоғамдық ұйымдарының жұмысы;

10/ сотталғандарды жұмыспен тәрбиелеу және жұмыспен қамтамасыз ету,  
о т р ы а д а р а л ы қ ж а р ы с т а р .

87. Түзеу мекеме комиссиясының отырысы айына кемінде 1 рет болады. Шешім жиналысқа қатысқандардан кемінде жартысының дауысымен қабылданады және мекеме бастығы бекіткеннен соң барлық мекеме қызметкерлері орындауға мұқтажды.

### **13 ТАРАУ. Кәмелетке толмағандармен тәрбие жұмысын жүргізудің айрықшылығы**

88. Тәрбие колониясында сотталғандармен тәрбие жұмысы бұл оқу-тәрбиелік процесінің құрамының бөлігі және жоспарланған бағыты мен ықпалы сотталғандарды түзеуге бағытталған. Кәмелетке толмаған сотталғандармен тәрбие жұмысы дифференциалды жүргізіледі, бұл жұмыста жасөспірімнің психофизикалық ерекшеліктерін, жастық шақтарын, психологиялық-педагогикалық әдісімен нышанын пайдаланып жүргізіледі.

89. Саны 20-30 адамды құрайтын /сынып бөлімше/ тәрбие колонияларындағы сотталғандар ұжымының құрылымдылық бөлінуінің негізі болып табылады. Отряд 4-5 бөлімшеден құралады. Бөлімшені тәрбиеші, отрядты аға тәрбиеші /отряд бастығы/ басқарады. Сотталғандардың отряды тәрбие колонияларындағы құрылымындағы түзеу тәрбиелеу процесін басқарумен сотталғандардың қылмыстық жазаларын өтеуіне тиімді жағдайлар қалыптастыруды қамтамасыз ететін негізгі ұйымдық топ болып табылады.

90. Тәрбие бөлімінің қызметкерлері кәмелетке толмаған сотталғандарды қысқа мерзімге колониядан тыс, өз жеке жағдайы бойынша көркем-өнерпаздық, спорттық сайыстармен жиындарға колония қызметкерлері не болмаса ағайын-туыстарымен кездесуге баруды шешуге қатысады.

91. Тәрбие аппаратының қызметкерлері сотталғандардың айрықша жеке мән-жайларға байланысты қысқа мерзімді шығулар берумен, тәрбие

колониясында тысқары жерлерде өтетін мәдени-бұқаралық және спорттық іс-шараларға колония қызметкерлерінің еріп жүруімен немесе ата-аналарының немесе басқа да жақын туысқандарының еріп жүруімен колониядан тысқары жерлерге шығуымен, сондай-ақ тәрбие колониясындағы жаза өтеу жағдайларының өзгеруімен байланысты мәселелерді шешуге қатысады.

92. Отряд тәрбиешілерінің кеңесі құрамына: аға тәрбиеші /отряд бастығы/, бөлімшелердің тәрбиешілері, мұғалімдер, КТУ мен өндіріс шеберлері, сондай-ақ тәрбиеленушілермен жұмыс жасау дағдысы мен қабілеті бар тәрбие колониясының басқа да қызметкерлері, жалпы білім беретін мектептердің оқытушылары, ата-аналар комитеті мен қоғам өкілдері кіреді. Кеңес отырыстарына сотталғандардың туысқандары, өздігінен қызмет ету ұйымдарының мүшелері мен басқа да мүдделі адамдар қатыса алады. Оқу-тәрбие кеңесінің жұмысының ұйымдастыруы. Колонияда оқу-тәрбие кеңесі құрылып, олар басты мәселелер, тәрбиелеуде, оқытуда, сотталғандарды жұмыста қолданғанда кординация жасайтын кеңес.

93. Кеңес жиналыстық орган болып есептеледі. Төраға болып колония б а с т ы ғ ы б о л а д ы .

Оның құрамына мыналар кіреді: мекеме бастығының орынбасарлары, бөлімдермен /бөлімшелердің / бастықтары, мектеп және КТУ директорлары, аға тәрбиешілер /отряд бастықтары/ цех бастықтары, аға шебершілер, методистер, психологтар, кітапханашылар, клуб меңгерушілер, физкультура-спорт жұмысы бойынша нұсқаушылар, еңбекке араласу және тұрмысқа жайласу аға инспекторлары, қоғамдық төрағалары, алқалық кеңестер.

Оқу-тәрбие кеңесі құрамын мекеме бастығы бір жылға бұйрықпен ж а р и я л а н а д ы .

Оқу-тәрбие кеңесінің отырысы кемінде айына 1-рет өтеді, хаттама түзіліп ш е ш і м і м і н д е т т і т ү р д е .

94. Колониядағы оқу-тәрбие кеңесі талқылап, шешім құрады, ол шешімдер:  
1/ жалпы тәрбие жұмысының орындалуы және ендігі тоқсанның жоспарының ж о б а с ы ;

2/ оперативтік ахуал, тәртіп жағдайы, отряд аралық жұмыс жарысы;

3/ қоғамдық ұйымдардың айналысымы;

4/ тәрбие жұмысына режимдік, өндірістік қызметі және қоғамдық қатысуы;

5/ мектептік және кәсіптік-техникалық білім ұйымдастыру;

6/ тәрбие колониясының шаруашылық және коммуналдық қамтамассыз етуін, тұрған үйді, спорттық және оқу объектілерін көркемдету;

7/ сотталғандардың еңбекке араласуы және тұрмыстық жайласуының жергілікті қалалық, аудандық Ішкі Істер басқармасымен бірлескен іс-қимылы;

8/ босағандар арасындағы рецидивтік қылмыс.

95. ТМ бастығы кәмелетке толмаған сотталғандарды бір ұстау шартынан екінші ұстау шартына ауыстыруға.

Қазақстан Республикасы  
Әділет Министрлігі  
түзеу мекемелерінде жазасын  
өтеп жатқан сотталғандармен  
тәрбие жұмысын ұйымдастыру  
жөніндегі нұсқаулыққа

1-ші қосымша

**Сотталғандармен жеке тәрбие жұмысын жүргізу  
ДӘПТЕРІ**

Тегі \_\_\_\_\_

Аты \_\_\_\_\_

Әкесінің аты \_\_\_\_\_

Туған жылы, айы, күні \_\_\_\_\_

— — — — —  
! ТК-ға, отрядқа,! Отряд пен ! Ауыстыру  
! бөлімшеге ! бөлімшенің нөмірі ! себептері  
! келген датасы ! және отрядқа жіберу !  
! ! туралы бұйрықтың !  
! ! н ө м і р і !

— — — — —  
Дәптер 20x14,5 см көлемінде әзірленеді.

1. СОТТАЛҒАН АДАМ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР  
(жеке іс материалдарын талдау, тұтқынға алынған адам туралы тергеушінің анықтамасы, карантиндегі жеке адамды зерттеу және т.б. негізінде толтырылады)

1. Туған жылы, айы, күні \_\_\_\_\_

2. Ұлты \_\_\_\_\_

— 3. Сотталғанға дейінгі білімі \_\_\_\_\_

4. Отбасы жағдайы \_\_\_\_\_

— 5. Сотталғанға дейінгі кәсібі /мамандығы/ \_\_\_\_\_

— — — — —  
6. Қашан, қандай сот Қазақстан Республикасы ҚК қандай бабы бойынша,



қанша мерзімге сотталды \_\_\_\_\_

— — —

— — — — —

7. Қылмыстың қысқаша мазмұны және оған қатысы /егер материалдық шығын келтірілсе, көлемі және т.б. көрсетілсін/ \_\_\_\_\_

— — — — —

8. Жазалау мерзімінің басталуы \_\_\_\_\_

9. Жазалау мерзімінің аяқталуы \_\_\_\_\_

10. Жазаның өтелмеген бөлігін жеңіл жазаға ауыстыру мүмкін болатын күні \_\_\_\_\_

— — — — —

11. Сотты болғандығы туралы мәліметтер және босатылу негіздері \_\_\_\_\_

— — — — —

12. Денсаулық жағдайы және еңбекке жарамдылығы туралы медициналық қорытынды \_\_\_\_\_

— — — — —

— — — — —

(ТМ медициналық-санитарлық бөлімнің бастығы толтырады)

13. Сотталған адамды сипаттайтын және онымен тәрбие-профилактикалық жұмыста есепке алуға жататын өзге де жағдайлар /тергеуші анықтамасының, сотталғанға дейінгі жұмыс орнының мінездемесі негізінде/.

14. Туысқандары туралы мәліметтер /тегі, аты-жөні туысқандық дәрежесі, тұрғылықты мекен-жайы/ \_\_\_\_\_

— — —

— — — — —

2. СОТТАЛҒАН АДАМНЫҢ ЖЕКЕ БАСЫНЫҢ ЖЕКЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ,

ЖҰМЫС БОЙЫНША КЕПІЛДЕМЕ

3. Сотталғандарды мекемеде болған кезде жұмыстың жеке бағдарламасы. Ол жұмыс мекеменің аға нұсқаушы-психологтің сотталғандармен жеке қасиеттерін өзгертетін ұсынысы бойынша жүргізіледі.

4. Көтермелеу және жазалау шаралары

| Күні | Көтермелеу<br>немесе<br>жазалау<br>түрі, тағы | Нақты не үшін<br>көтермеленді<br>немесе<br>жазalandы | Кім<br>көтермеледі<br>немесе<br>жазалады | Бұйрықтың,<br>қаулының<br>күні мен<br>нөмері |
|------|-----------------------------------------------|------------------------------------------------------|------------------------------------------|----------------------------------------------|
|      |                                               |                                                      | с о л с и я қ т ы<br>а у ы з ш а         |                                              |

|     |     |     |     |     |
|-----|-----|-----|-----|-----|
| 1 . | 2 . | 3 . | 4 . | 5 . |
|-----|-----|-----|-----|-----|

5. Берілетін еңбек демалыстарын есепке алу

| N<br>р/с | Еңбек<br>демалысының<br>күндері | Күндер<br>саны | Еңбек<br>демалысының<br>түрі | Кеткен | Ескерту<br>тұрғылықты<br>мекен-жайы |
|----------|---------------------------------|----------------|------------------------------|--------|-------------------------------------|
|----------|---------------------------------|----------------|------------------------------|--------|-------------------------------------|

|     |     |     |     |     |     |
|-----|-----|-----|-----|-----|-----|
| 1 . | 2 . | 3 . | 4 . | 5 . | 6 . |
|-----|-----|-----|-----|-----|-----|

#### 6. Отряд бастығының ай сайын жазбасы

##### ДӘПТЕР ЖҮРГІЗУГЕ НҰСҚАУЛЫҚ

1. Дәптер отряд бастығында сақталады, оған дәптерді жүргізуге жауапкершілік жүктеледі.

2. 2 тармақ психолог пен карантинде толтырылады.

3. сотталғандардың жеке тәрбие жұмысы дәптерлеріне ТМ бастығының оның орынбасарларының және тәрбиешілер кеңесі жазбалары енгізілуі мүмкін.

4. Тармақ кемінде айына бір рет отряд бастығымен толтырылады.

Тәрбие колониясында  
сотталғандарға тәрбие жұмысының  
үлгілік бағдарламасына

2-ші қосымша

**Ү л г і л і к ж о с п а р**

**Карантин бөлімдегі сотталғандармен сабақ**

| N<br>қ / қ    | Тақырыптың<br>а т ы                                                 | Өткізу  | Жауапты<br>с а ғ а т ы                                                                                |
|---------------|---------------------------------------------------------------------|---------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 - ш і к ү н |                                                                     |         |                                                                                                       |
| 1.            | Сотталғандардың<br>құқығы мен міндеттері.<br>Күн тәртібінің ережесі | 2 сағат | Мекеме бастығы,<br>орынбасарлары,<br>карантин тәрбиешісі                                              |
|               | Түзеу ішкі тәртібінің ережелері                                     |         |                                                                                                       |
| 2.            | Сотталғандардың<br>колонияда жасаған<br>қылмысының жауапкершілігі   | 1 сағат | Колонияның бастығының<br>режим-жедел жұмысы<br>бойынша орынбасары                                     |
| 3.            | Сотталғандардың<br>тәртіп ережелері.                                | 2 сағат | Колония бастығының<br>тәрбие жұмысы<br>бойынша орынбасары                                             |
| 4.            | Сотталғандардың өзара                                               | 1 сағат | Карантин тәрбиешісі<br>қ а р ы м - қ а т ы н а с ы ж әне<br>к о л о н и я ә к і м ш і л і г і м е н . |
| 5.            | Колонияның тарихы,<br>дәстүрі                                       | 3 сағат | Колония қызметкерлері<br>ж әне к е л е ш е к т е г і<br>д а м у ы                                     |
| 6.            | Сотталғандармен<br>жеке жұмыс                                       | 3 сағат | Колония қызметкерлері                                                                                 |
| 2 - ш і к ү н |                                                                     |         |                                                                                                       |
| 1.            | Сотталғандардың<br>денсаулығын анықтау                              | 3 сағат | Медицина бөлімі бастығы,<br>медицина қызметкерлері<br>б о й ы н ш а ж ұ м ы с                         |
| 2.            | Сотталғандардың<br>психологиялық-                                   | 2 сағат | Колониядағы психолог<br>қызметкерлері<br>п е д а г о г и к а л ы қ<br>д и а г н о с т и к а с ы       |
| 3.            | Сотталғандармен<br>жеке жұмыс                                       | 3 сағат | Колония қызметкерлері                                                                                 |
| 3 - ш і к ү н |                                                                     |         |                                                                                                       |
| 1.            | Сотталғандардың білім                                               | 3 сағат | Мектеп директоры,                                                                                     |

- |    |                                                 |                                       |                               |
|----|-------------------------------------------------|---------------------------------------|-------------------------------|
|    | деңгейін анықтау                                |                                       | мұғалімдер                    |
| 2. | Сотталғандардың пәндер бойынша білімін анықтау. | 2 сағат                               | КТМ директоры, өндіріс шебері |
| 3. | Колониядағы бастауыш                            | 2 сағат                               | Колония қызметкерлері         |
|    |                                                 | кәсіптік білім және кәсіптік дайындау |                               |
